

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 02 мамырдағы N 97 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 ақпандағы N 147 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 03 наурыздағы N 4608 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағына және "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 Қаулысына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 02 мамырдағы N 97 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде нөмірі 4459 болып тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2013 жылғы 19 маусымдағы N 51 санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібіндегі:

3 - тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Арал аудандық мәслихатының
кезектен тыс жиырма бесінші
сессиясының төрағасы *С. Ниязов*

Арал аудандық
мәслихатының хатшысы *К. Данабай*